

«Тау-кен Самұрық» ҰТК» АҚ

Директорлар кеңесінің

2019 ж. «_01_»__11_____

шешімімен бекітілді,

№_10/19_____ хаттама

**«Тау-кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік
қоғамындағы және оның еншілес ұйымдарындағы
сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты**

Нұр-Сұлтан қ., 2019 жыл

Мазмұны

1.	Терминдер, анықтамалар және қысқартулар	3
2.	Жалпы ережелер	5
3.	Мақсаттар мен міндеттер	5
4.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қағидаттары	6
5.	Саясаттың қолданылу саласы	7
6.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдарды басқару	8
7.	Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар кешені	10
7.1.	Үшінші тұлғаларды тарту және үшінші тұлғаларға төлемдерді жүзеге асыру	10
7.2.	Сыйлықтар және өкілдік шығыстар	11
7.3.	Демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету	12
7.4.	Қоғамның инвестициялық қызметі шеңберінде мәмілелер жасасу	12
7.5.	Персоналды басқару	12
8.	Мүдделер қақтығысының алдын алу және шешу	13
9.	Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы	13
10.	хабарламалар Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасау үшін жағдайлар жасау немесе құру белгілері бойынша қызметтік	14
11.	тексеру, ішкі тексеру	14
12.	Құқық қорғау органдарымен ынтымақтастық	14
13.	Жауапкершілік	15
14.	Қорытынды ережелер	16
	№ 1 қосымша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер	

1. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

Қоғам	«Тау-кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік қоғамы
Саясат	«Тау-кен Самұрық» ҰТК» АҚ-тағы және оның еншілес ұйымдарындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты
Сыбайлас жемқорлық	өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке езіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу
Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық	бұл үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік).
Сыбайлас жемқорлық тәуекелі	Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасау тәуекелі.
Қоғамның қызметкерлері	Еңбек шарты негізінде Қоғаммен еңбек қатынастарында тұрған жеке тұлғалар.
Пара	Лауазымды адамның, шетелдік лауазымды адамның не жария халықаралық ұйымның лауазымды адамының жеке өзі немесе делдал арқылы ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік түрінде не оған мүліктік сипаттағы заңсыз қызмет көрсету, өзге де мүліктік құқықтар (оның ішінде лауазымды адамның нұсқауы бойынша пара өзге жеке немесе заңды тұлғаға берілген кезде) беру түрінде пара берушінің немесе ол өкілдік берген адамдардың пайдасына іс-әрекеттер (әрекетсіздік)

жасауы үшін, егер аталған іс-әрекеттер (әрекетсіздік) лауазымды адамның қызметтік өкілдіктеріне кіретін болса не егер ол лауазымдық мәртебесі күшінен аталған іс-әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал ете алатын болса, сонымен бірге жалпы қамқорлыққа алу немесе қызметінде бетімен жіберу үшін пара алуы.

**Сыбайлас
жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл**

Сыбайлас жемқорлықты ескерту бойынша, оның ішінде сыбайлас жемқорлықтың себептерін анықтау және кейіннен жою (сыбайлас жемқорлықтың алдын алу) бойынша; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының салдарларын мейлінше азайту және/немесе жою бойынша олардың өкілеттіктері шегінде Қоғамның және оның ЕҰ, Қоғамның басқару органдары қызметкерлерінің қызметі.

**Мүдделер
қақтығысы**

Бұл сенімге ие тұлға болып табылатын қызметкер бәсекелес кәсіби немесе жеке мүддесі болғандағы жағдай. Осындай бәсекелес мүдделердің болуы қызметкерге өз міндеттерін әділ орындауға кедергі келтіруі мүмкін.

**Сыбайлас
жемқорлыққа
қарсы заңнама**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, негізгі талаптары пара беруге тыйым салу, пара алуға тыйым салу, коммерциялық параға сатып алуға тыйым салу, парақорлыққа делдалдылыққа тыйым салу болып табылатын негізгі талаптары бар нормативтік актілер, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзге де құқықтық актілер.

**Директорлар
кеңесі**

«Тау-кен Самұрық» ҰТК» АҚ Басқару органы

Басқарма

«Тау-кен Самұрық» ҰТК» АҚ Атқарушы органы

Осы Саясатта қолданылатын, бірақ ашылмаған анықтамалар Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында және ішкі құжаттарында қолданылатын анықтамаларға сәйкес келеді.

2. Жалпы ережелер

1. Қоғамның осы Саясаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға және сыбайлас жемқорлық тәуекелін мейлінше азайтуға, сондай-ақ Қоғаммен, оның басқару органдарымен, қызметкерлерімен, ЕҰ-мен және Қоғамның атынан және мүдделерінде әрекет ету құқығы бар өзге тұлғалармен қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларының сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған негізгі қағидаттар мен талаптарды айқындайтын ішкі нормативтік құжат болып табылады.

2. Саясат Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның және ЕҰ Жарғыларына, сондай-ақ Қоғамның өзге де құжаттарына сәйкес әзірленді.

3. Осы Саясаттың ережелері Қоғамда, ЕҰ-да атқаратын лауазымына, мәртебесіне және олардың жұмыс істеу ұзақтығына қарамастан, Қоғамның барлық қызметкерлеріне, сондай-ақ Қоғамның атынан әрекет ететін тұлғаларға қолданылады. Қоғамның және ЕҰ барлық қызметкерлері осы Саясатты басшылыққа алуы және оның қағидаттары мен талаптарын бұлжытпай сақтауы тиіс.

4. Қоғам кез келген нысандағы және көріністердегі сыбайлас жемқорлықты қабылдамайтыны және сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына төзбейтіні туралы мәлімдейді, Қоғамның және ЕҰ басқару органдары мүшелерінің, қызметкерлерінің Саясат қағидаттары мен талаптарының сақталуын бақылайды.

3. Саясаттың мақсаттары мен міндеттері

5. Қоғамда және ЕҰ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты атқаратын лауазымына қарамастан, Қоғамның және ЕҰ лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық қызметке тарту тәуекелін мейлінше азайту болып табылады.

6. Осы Саясаттың негізгі мақсаттары мен міндеттері:

1) Қоғамға, Қоғамның және ЕҰ-ның қызметкерлеріне қолданылуы мүмкін Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының негізгі талаптарын қорыту және түсіндіру;

2) Қоғамның және ЕҰ қызметінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарына, бизнесті жүргізу этикасының стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз ету;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында Қоғамның және ЕҰ қызметін регламенттеу, Қоғамның және ЕҰ-ның басқару органдарының

мүшелерінде, қызметкерлерінде, клиенттерінде, контрагенттерінде Қоғам мен ЕҰ қызметін жүзеге асыру кезіндегі кез келген нысандардағы және көріністердегі сыбайлас жемқорлық мінез-құлқының төзбестігі және сыбайлас жемқорлықты қабылдамауы туралы Қоғам позициясын бірмәнді түсінікті қалыптастыру;

4) Қоғамда және ЕҰ-да орындау үшін міндетті сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша баламалы рәсімдерді анықтау;

5) Қоғамның, басқару органдары мүшелерінің, Қоғамның және ЕҰ қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына тартылу тәуекелін мейлінше азайту;

6) Қоғамның, Қоғам еншілес пен тәуелді ұйымдарының басқару органдары мүшелерінің және қызметкерлерін, агенттерін, серіктестерін, сондай-ақ Қоғамға қатысы бар/қатысы болатын өзге де тұлғалардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында Қазақстан Республикасының заңнамасын білуін және сақтауын анықтау.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қағидаттары

7. Қоғамдағы, ЕҰ-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары:

1) «сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік» - Қоғам, ЕҰ қызметті жүзеге асыру кезінде кез келген нысандарда және көріністерде сыбайлас жемқорлықты толық қабылдамау қағидатын ұстанады. Осы Қағидат лауазымды тұлғалар, Қоғамның, ЕҰ қызметкерлері, сондай-ақ Қоғамның атынан немесе оның мүдделерінде әрекет ететін өзге тұлғалар үшін тікелей немесе жанама, жеке өзі немесе қандай да бір делдалдық арқылы сол немесе өзге елде бизнесті жүргізу практикасына қарамастан сыбайлас жемқорлық іс-қимылдарға қатысуға қатаң тыйым салуды білдіреді;

2) жоғары басшылықтың бейілділігі және "жоғарыдан билік" орнату - Қоғамның Директорлар кеңесі сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыруда және қоғамда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жүйесін құруда негізгі рөл атқарады. Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасының мүшелері сыбайлас жемқорлық көріністерінің кез келген нысандарына төзбеушілік көзқарасы туралы мәлімдеуі, осы қағиданы жеке тәжірибеде көрсетуі, сақтауы және іске асыруы тиіс;

3) қызметкерлерді тарту – Қоғам Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының ережелері туралы өздерінің лауазымды тұлғаларына, Қоғам мен ЕҰ қызметкерлеріне хабарлайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастыруға және іске асыруға олардың белсенді қатысуын мақұлдайды;

4) жазаның бұлтартпастығы – Қоғам Қоғамның, сондай-ақ ЕҰ-ның қызметкерлерін өзінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда атқаратын лауазымына,

жұмыс өтіліне және езге де жағдайларға қарамастан, жазадан бұлтартмайтын туралы мәлімдейді;

5) осы Саясаттың заңдылығы және Қазақстан Республикасының заңнамасына және халықаралық заңнамаға сәйкестігі – Қоғам мен ЕҰ қызметті жоспарлайтын/жүргізетін Қазақстан Республикасының және өзге де елдердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын қатаң сақтайды;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдердің тиімділігі – Қоғам мен ЕҰ оларды іске асыру қарапайымдылығын және маңызды нәтиже алуды қамтамасыз ететін неғұрлым ашық, анық, орындалатын рәсімдерді жасауға ұмтылуда. Қоғам қолданыстағы бақылау рәсімдерінің тиімділігін бағалауды жүзеге асырады және тиімсіз болған жағдайда оларды жетілдіреді;

7) өзара іс-қимыл және үйлестіру – Қоғам мен ЕҰ мемлекеттік органдармен, Қоғамның және ЕҰ серіктестерімен, клиенттерімен, контрагенттерімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласында өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты қамтамасыз етеді;

8) мүдделер қақтығысын анықтауға және мүдделер қақтығысын басқаруға бағытталған ұйымдастыру сипатындағы шараларды қабылдау;

9) қылмыстық жолмен, оның ішінде сыбайлас жемқорлық іс-қимылдарды жүзеге асыру нәтижесінде алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) қарсы іс-қимыл бойынша кешенді шараларды қабылдау;

10) қызметтің жариялылығы мен ашықтығы, оның ішінде Қоғамның және тиісінше ЕҰ қызметінің шеңберінде барлық қажетті құжаттарды Қоғамның және ЕҰ ресми сайттарында орналастыру.

5. Саясаттың қолданылу саласы

8. Саясаттың қағидаттары мен талаптары Қоғам мен ЕҰ-да жеке және заңды тұлғалармен шарттық және өзге іскерлік қатынастарды белгілеу кезінде ескеріледі.

9. Қоғам осы Саясатты Компанияның www.tks.kz ресми сайтында орналастырады, сонымен өзінің сыбайлас жемқорлықты кез келген оның нысандарында және кәріністерінде қабылдамайтынын растайды.

10. Қоғамның комплаенс-офицері Қоғамда және еншілес пәк тәуелді ұйымдарда Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының сақталу мониторингін жүзеге асырады.

11. Қоғамға, басқару органдарының мүшелеріне, Қоғамның және ЕҰ-ның қызметкерлеріне осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарына немесе қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларына қайшы келетін қандай да болмасын іс-қимылдарды жасау үшін делдалдарды, серіктестерді, агенттерді немесе өзге де тұлғаларды тартуға немесе пайдалануға тыйым салынады.

12. Қоғамның, ЕҰ-ның қызметкерлері және Қоғамның басқару органдарының мүшелері:

1) Саясатты басшылыққа алуға және оның қағидаттары мен талаптарын бұлжытпай сақтауға;

2) Қоғамның/ЕҰ мүдделерінде немесе атынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасаудан және (немесе) жасауға қатысудан қалыс қалуға;

3) Қоғам қызметкерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндіру жағдайлары туралы, басқа қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайлары туралы қызметкерге белгілі болған ақпарат жөнінде тікелей басшыға, бірінші басшыға, Комплаенс-офицерге және (немесе) Қоғам Басқармасына Қоғамның Бастамашылықпен хабардар ету саясатына сәйкес жүгіну тәсілдерінің кез келгенін таңдай отырып, дереу хабарлауға;

4) тікелей басшыға немесе уәкілетті лауазымды тұлғаға тараттардың біреуі қызметкер болып табылатын туындаған мүдделер қақтығысы және туындау мүмкіндігі туралы хабарлауға.

13. Қоғамның, ЕҰ лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің өз іс-әрекеттерінің дұрыстығына қатысты күмән туындаған кезде немесе мінез-құлықтың басқа нормалары бойынша тиісті түсіндіру алу мақсатында Қсғамның комплаенс-офицеріне жүгіне алады.

6. Сыбайлас жемқорлық іс-қимылдар. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдарды басқару

14. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар (әрекет немесе әрекетсіздік) мыналарға жол бермейді:

1) кез келген нысанда, оның ішінде ақша қаражатын, құндылықтарды, қызметтерді немесе өзге де пайданы алу немесе ұсыну нысанында;

2) Қоғамға немесе ЕҰ-ға қатысты не Қоғамның немесе ЕҰ-ның атынан және мүдделерінде, үшінші тұлғаларға қатысты, оның ішінде мемлекеттік және реттеуші органдардың және олардың қызметшілерінің, өзге заңды тұлғалардың және олардың қызметкерлерінің, басқару органдарының және көрсетілген заңды тұлғалардың өкілдеріне қатысты;

3) мақсатына қарамастан, әкімшілік және өзге де рәсімдерді оңайлатуды және қандай да бір артықшылықтарды қамтамасыз етуді қоса алғанда, жеке өзі немесе үшінші тұлғалардың делдалдығы арқылы.

15. Басқару органдарының мүшелеріне, Қоғам мен ЕҰ қызметкерлеріне тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі немесе үшінші тұлғалардың делдалдығы арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға, оның ішінде әкімшілік және өзге нысандылықтарды оңайлатуға қатаң тыйым салынады.

16. Қоғамның және ЕҰ-ның басқару органдарының мүшелері, қызметкерлері өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын, шетелдік мемлекеттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылы бойынша ұлттық

заңнаманы (Қоғам немесе ЕҰ шетелдік мемлекеттердің аумағында қызметін жүзеге асыру кезінде), халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормалары мен талаптарын сақтауы тиіс.

17. Қоғам және ЕҰ мыналар арқылы сыбайлас жемқорлықтың алдын алуды жүзеге асырады:

1) Қоғам мен ЕҰ қызметкерлерінде сыбайлас жемқорлықты және кез келген нысандардағы және көріністердегі сыбайлас жемқорлық мінез-құлқының төзбестігін қабылдамаудың жеке ұстанымын қалыптастыру, оларды Саясаттың негізгі қағидаттары, оны бұзғаны үшін жауапкершіліктері туралы хабардар етеді және Қоғам мен ЕҰ қызметкерлерінен Саясатты сақтауын талап етеді;

2) Қоғамның және ЕҰ анық қаржылық (бухгалтерлік) есептілігін жүргізу, есептілікті қасақана бұрмалауға немесе бұрмалауға және жалған құжаттарды пайдалануға жол бермеу. Құзыретіне есепке алуды жүргізу кіретін қызметкерлер толық әрі расталған есептілікті дайындағаны және ұсынғаны үшін жауапты болады;

3) қаржы-шаруашылық қызметтің сыртқы аудитін тұрақты негізде өткізу, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы талаптарының және Қоғам мен ЕҰ ішкі нормативтік құжаттарының, оның ішінде осы Саясатта белгіленген қағидаттар мен талаптардың сақталуын бақылауды;

4) мүдделер қақтығысын болғызбауды және реттеуді;

5) контрагенттермен қарым-қатынас барысында Қоғамды және ЕҰ-ны сыбайлас жемқорлық қызметке және өзге де жосықсыз практикаға тарту тәуекелін төмендету мақсатында контрагенттерді тексерудің арнайы рәсімдерін енгізуге (әлеуетті контрагенттер туралы ашық қол жетімді мәліметтерді: олардың іскер ортадағы беделі, нарықтағы қызмет ету ұзақтығы, сыбайлас жемқорлық жанжалдарына қатысуы және т.б. туралы мәліметтерді жинау және талдау), контрагенттермен жасалатын шарттарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды сақтау туралы ережелерді (сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе) енгізуге.

18. Қоғамның және ЕҰ-ның басқару органдарының мүшелері кез келген нысанда және барлық деңгейдегі көріністерде сыбайлас жемқорлық мінез-құлқтың төзбестігін, сыбайлас жемқорлықты қабылдамау үлгісін береді.

19. Қоғамға, оның және ЕҰ-ның қызметкерлеріне кез келген тұлғалар мен ұйымдардың пайдасына бюрократиялық, әкімшілік және өзге де нысандылықтарды жеңілдету, жеделдету немесе еңсеру мақсатында кез келген лауазымды тұлғалардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) ықпал ету үшін, оның ішінде ақшалай қаражат, құндылықтар, қызметтер немесе өзге де пайда нысанында кез келген көтермелеу нысандарын пайдалануға тыйым салынады.

20. Қоғам паракорлықты, сыбайлас жемқорлықты жасау және Қоғам немесе ЕҰ қызметкерлері тарапынан өз қызметтік жағдайын теріс пайдаланудың барлық анықталған белгілеріне ішкі тексеру немесе тергеп-тексеруді жүргізу үшін барлық қажетті шараларды алдын ала қабылдайды.

21. Комплаенс-офицер Қоғамның және ЕҰ қызметіне тән сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін мейлінше азайтуға бағытталған Қоғамдағы, ЕҰ-дағы рәсімдердің жұмыс істеу мониторингін жүзеге асырады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың өзгеруіне байланысты Қоғамның және ЕҰ ішкі құжаттарының өзектендірілуіне бастамашылық жасайды;

2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің үнемі жаңартылуын және бағалануын жүзеге асырады;

3) 3) Қоғам мен ЕҰ қызметкерлерінің осы Саясатының бұзушылықтары туралы, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасаудағы күдіктер туралы хабарламаларын қабылдайды және қарайды, оның нәтижелері бойынша қажет болған жағдайда ішкі тексеруді немесе қызметтік тексеруді жүргізуге бастамашылық жасайды;

4) бопсалаушылық, қызмет көрсетуде бірдақты теріс қарым-қатынас, басқа адамдармен салыстырғанда бір клиенттерге артықшылық көрсету мәселелері бойынша және Қоғамның және ЕҰ-ның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық сипаттағы, құқыққа қарсы ықтимал іс-қимыл жасаудың өзге де факторлары бойынша үшінші тұлғалардың өтініш білдіру фактілері бойынша ішкі тексерулер мен қызметтік тексерулер жүргізеді;

5) осы Саясатта, Қоғамның өзге ішкі нормативтік құжаттарында оның құзыретіне жатқызылған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

22. Қоғам мен ЕҰ қызметкерлерінің осы Саясаттың ережелерінің сақталуын бақылау Қоғам мен ЕҰ қызметкерлерінің тікелей басшыларымен жүзеге асырылады. Тікелей басшылар осы Саясатта анықталған бұзушылық фактілері туралы Қоғамның комплаенс-офицеріне дереу хабарлауды қамтамасыз етеді.

7. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар кешені

23. Қоғам мен ЕҰ қызметінің кейбір салаларында осындай салаларға жататын, бірақ төменде берілгендермен шектелмейтін сыбайлас жемқорлық тәуекелінің пайда болуы мүмкін:

1) үшінші тұлғаларды тарту және үшінші тұлғаларға төлемдерді жүзеге асыру;

2) сыйлықтар және өкілдік шығыстар;

3) демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету;

4) Қоғамның инвестициялық қызметі шеңберінде активтерді сатып алу және иеліктен шығару, қосылу және қосып алу бойынша мәмілелерді және өзге де мәмілелерді жасау;

5) персоналды басқару.

7.1. Үшінші тұлғаларды тарту және үшінші тұлғаларға төлемдерді жүзеге асыру

АҚ	«Тау-кен Самұрық» ҰТК» АҚ-тағы және оның еншілес ұйымдарындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты	Бет 10
----	--	--------

24. Қоғам мен ЕҰ Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының қағидаттары мен талаптарын бұзатын немесе Қоғам мен ЕҰ үшін іскерлік беделді жоғалту тәуекелін құратын серіктестермен үшінші тұлғаларды тартудан және бірлескен кәсіпорындарға қатысудан өзін-өзі тоқтатады.

25. Үшінші тұлғалармен іскерлік ынтымақтастықты бастау немесе жалғастыру немесе бірлескен кәсіпорынға қатысу туралы шешім қабылдаудың алдында үшінші тұлғаларды тартуға бастамашылық ететін Қоғамның және ЕҰ тиісті құрылымдық бөлімшелері:

1) «Самұрық-Қазына» АҚ-тың және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-қа тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу қағидаларында белгіленген рәсімдерді сақтауға;

2) мынадай рәсімдерді (мыналарды шектемей, қоса алғанда) жүргізу жолымен сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне бірлескен кәсіпорындар бойынша үшінші тұлғалар мен серіктестердің іс-қимылдар мониторингін жүзеге асыруға:

2.1) өздерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттар мен рәсімдердің бар болуын, осы Саясаттың талаптарын сақтауға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында өзара ынтымақтастықты жүзеге асыру әзірлігін тексеру;

2.2) іскерлік беделін және мүдделер қақтығысының болмауын тексеру;

2.3) жалған кәсіпкерлік, сенімділік мәнінде, салық және өзге де бересегінің, ақша қаражаты көзінің болуын тексеру.

3) жасалатын мәмілелерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпені қосуға міндетті.

26. Қоғам мен ЕҰ үшінші тұлғалардың және бірлескен кәсіпорын бойынша серіктестердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттар мен рәсімдерді, сондай-ақ мінез-құлық стандарттарын қабылдайды.

7.2. Сыйлықтар және өкілдік шығыстар

27. Қоғам мен ЕҰ іскерлік сыйлықтармен алмасуды және өкілдік шығыстарды, оның ішінде бизнесті жүргізу және жалпы қабылданған іскерлік практиканың бөлігіне қажетті іскерлік қонақжайлылыққа арналған шығыстарды жүзеге асырылуын мойындайды.

28. Іскерлік сыйлықтармен алмасу және өкілдік, оның ішінде Қоғамның және ЕҰ-ның үшінші тұлғалармен іскерлік қонақжайлылыққа арналған шығыстарын жүзеге асыру мынадай өлшемшарттарға жауап беруі тиіс:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, сондай-ақ өкілдік шығыстардың мәселелері бойынша Қоғамның және ЕҰ ішкі нормативтік құжаттарына толық сәйкес келуін;

2) ақылға қонымды негізделген, шамалас болуын, қолма-қол және қолма-қол ақшасыз ақшалай қаражаттың, бағалы қағаздардың, асыл металдардың болмауын және ақша қаражатының өзге де түрлерін немесе баламаларын білдірмеуін, сондай-ақ әсемдік заттардың болмауын;

3) қызмет, әрекет, әрекетсіздік, қорғаушылық үшін жасырын сыйақы бермеуін, белгілі бір құқықтарды ұсыну, мәміле, келісім, рұқсат және т.с.с. туралы шешім қабылдау.

4) Қоғам мен ЕҰ, оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері үшін іскерлік беделін жоғалтуға әкелетін тәуекелді жасамау.

29. Қоғам мен ЕҰ жүзеге асыратын сатып алудың кез келген әлеуетті қатысушысынан қонақжайлылықтың сыйлықтары мен белгілерін қабылдауға тыйым салынады. Осы Саясаттың талаптарымен іскерлік сыйлық немесе іс-шараларға сәйкес күмәндар туындаған жағдайда Қоғамның немесе ЕҰ лауазымды тұлғасы немесе қызметкері тікелей басшымен немесе Қоғамның комплаенс-офицерімен кеңесуге қажет.

7.3. Демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету

30. «Самұрық-Қазына» АҚ еншілес ұйымы бола тұрып, Қоғам осы мәселелерге қатысты «Самұрық-Қазына» АҚ ішкі нормативтік құжаттары шеңберінде ғана демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету бойынша өз қызметін жүзеге асырады.

31. Қоғам мен ЕҰ лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерге өз атынан қайырымдылық және/немесе демеушілік көмек көрсетуге тыйым салмайды.

7.4. Қоғамның инвестициялық қызметі шеңберінде мәмілелер жасасу

32. Қоғам инвестициялық қызметті жүзеге асыру кезінде «Самұрық-Қазына» АҚ-тың және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-қа тікелей немесе жанама түрде иеленетін заңды тұлғалардың Инвестициялық қызметінің корпоративтік стандартын, сондай-ақ Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады.

33. Активтерді сатып алу және иеліктен шығару бойынша мәмілелерді, біріктіру және қосып алу мәмілелерін жоспарлау, мұндай мәмілелердің орындылығы туралы шешімді алдын ала қабылдау кезінде Қоғам объектінің қызметіне (due diligence) кешенді тексеру, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелінің бар болу белгілерін анықтау мақсатында сенімділікті тексеруді жүргізеді.

34. Сатып алынатын активтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелінің деңгейіне қарамастан, Қоғамның басқару органы мәмілені жүзеге асыру туралы тиісті шешімді қабылдағаннан кейін Қоғам сатып алынатын активке сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты, рәсімдерді және Қоғамда

қабылданған ұқсас мінез-құлық стандарттарын енгізу бойынша шараларды алдын ала қабылдайды.

7.5. Персоналды басқару

35. Қоғам мен ЕҰ кадрлық шешімдерді қабылдау кезінде объективтілік пен адалдық қағидаттарын ұстанады. Персоналды жалға алу, бағалау, ілгерілету және босату кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында Қоғам мен ЕҰ:

1) персоналды іріктеу мен жалдаудың ашық рәсімдерін және лауазымға қойылатын тиісті біліктілік талаптарын белгіленген тәртіппен әзірлейді және бекітеді;

2) олардың сенімділігі мен мүдделер қақтығысының болмауы мәнінде еңбек қатынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдаудың алдында кандидаттардың жұмысқа орналасуына тексеруді жүзеге асырады;

3) қызметтің түйінді көрсеткіштерінің нәтижелілігін және кәсіби жетістіктерін негізге ала отырып, персоналдың қызметі бағалауды және сыйақы төлеуді жүргізеді;

4) қызметкердің іскерлік қасиеттері мен біліктілігін негізге ала отырып, жасағы тұрған лауазымға ілгерілету туралы шешім қабылдайды;

5) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген негіздер бойынша қызметкермен еңбек қатынастарын бұзу рәсімін жүзеге асырады.

36. Жұмысқа қабылдау немесе Қоғаммен немесе ЕҰ-мен еңбек қатынастарын жалғастыру кезінде лауазымды тұлғалар өзіне осы Саясатқа 1-қосымшаға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау туралы келісімнің нысаны бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдайды.

37. Қоғамның және ЕҰ-ның лауазымды тұлғаларымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдамауы лауазымға қабылдаудан/ауыстырудан бас тартуына әкеп соқтырады.

8. Мүдделер қақтығысының алдын алу және шешу

38. Мүдделер қақтығысын басқару сыбайлас жемқорлыққа қарсы маңызды тетіктердің бірі болып табылады. Қоғам мен ЕҰ мүдделер қақтығысына байланысты тәуекелдерді іске асыруды болдырмауға және оларды реттеуге ерекше көңіл бөлуде.

39. Өз лауазымдық өкілеттіктерін орындау кезінде Қоғам мен ЕҰ лауазымды тұлғалары, қызметкерлері Қоғам мен ЕҰ мүдделерін басшылыққа алуға, олардың жеке мүдделері Қоғам немесе ЕҰ мүдделеріне қарама-қайшы келетін ахуалдарды немесе мән-жайлардан аулақ болуға міндетті. Мүдделер қақтығысы (немесе оның туындау мүмкіндіктері) туындаған жағдайда Қоғам мен ЕҰ лауазымды тұлғалары, қызметкерлері тікелей басшының не Қоғамның

жоғары тұрған басшылығының назарына ақпаратты жазбаша нысанда жеткізуге міндетті.

40. Қоғамның Директорлар кеңесінің/Басқармасының төрағасы Қоғамның немесе ЕҰ лауазымды тұлғаларының не қызметкерлерінің өтініштері бойынша, не басқа көздерден ақпарат алған кезде Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес ден қоюдың тиісті шараларын уақтылы қабылдауға міндетті.

9. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарламалар

41. Егер Қоғамда және ЕҰ-да лауазымды адамның не Қоғамның немесе ЕҰ-ның қызметкерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау фактісі орын алғаны немесе оның жасалуына жағдай бар екені туралы қандай да бір куәлік болса, бұл жөнінде Қоғамның корпоративтік веб-сайтында ақпарат орналастырылған Қоғамның "жедел желісіне" не өзінің тікелей немесе жоғары тұрған басшысына және (немесе) Қоғамның комплаенс-офицеріне дереу хабарлауы тиіс.

10. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасау үшін жағдайлар жасау немесе құру белгілері бойынша қызметтік тексеру, ішкі тексеру

42. Қоғамдағы және ЕҰ-дағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасау белгілері туралы барлық хабарламалар бойынша Қоғамның және тиісінше ЕҰ тиісті құрылымдық бөлімшелерінің қатысуымен ішкі тексеру не қызметтік тексеру жүргізіледі.

43. Егер ішкі тексеру не қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық белгілері немесе фактілері белгіленген жағдайда тексеру немесе тергеп-тексеруді аяқтау тиісті уәкілетті мемлекеттік органдарға материалдарды берген және еңбек қатынастарын бұзғанға, сондай-ақ бақылау рәсімдерін жетілдіргенге дейін сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нәлдік төзімділігі қағидатына сүйене отырып, түзету шараларын қабылдау болып саналады.

11. Құқық қорғау органдарымен ынтымақтастық

44. Қоғам мен ЕҰ-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде құқық қорғау органдарымен ынтымақтастығы мінез-құлықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарында декларацияланатын Қоғам мен ЕҰ-ның нақты бейілділік көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

45. Сыбайлас жемқорлық іс-қимылдағы ынтымақтастық мынадай нысандарда жүзеге асырылуы мүмкін:

1) Қоғам не ЕҰ-ға мәлім болғаны туралы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасау белгілері немесе фактілері туралы тиісті құқық қорғау органдарына материалдарды жіберу;

2) ескерту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Қоғам немесе ЕҰ қызметіне олардың инспекциялық тексерулерін жүргізу кезінде бақылау-қадағалау және құқық қорғау органдарының уәкілеттік берілген өкілдеріне жәрдем көрсету.

12. Жауапкершілік

46. Қоғамның және ЕҰ барлық қызметкерлері, атқаратын лауазымына қарамастан, осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын сақтағаны үшін, сондай-ақ осы қағидаттар мен талаптарды бұзатын, оларға бағынысты тұлғалардың әрекеті (әрекетсіздігі) үшін қолданыстағы заңнамада және Қоғамның және тиісінше ЕҰ-ның ішкі нормативтік құжаттарында көзделген жауапкершілікті атқарады.

47. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын және осы Саясаттың талаптарын бұзуға кінәлі адамдар сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамада, Қоғамның және ЕҰ ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тәртіппен және негіздер бойынша тәртіптік, әкімшілік, азаматтық-құқықтық немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

13. Қорытынды ережелер

48. Осы Саясатты бекіту, сондай-ақ өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

49. Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қоғам мен ЕҰ Жарғыларын, осы Саясаттың жекелеген нормаларын өзгерту нәтижесінде олармен қарама-қайшылыққа келсе, Саясаттың осы нормалары күшін жоғалтады және Саясатқа өзгерістер енгізген сәтке дейін Қоғамның және ЕҰ лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқықтық актілерін басшылыққа алады.

«Тау-кен Самұрық» ҰТК» АҚ-тағы
және оның еншілес ұйымдарындағы
сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-
қимыл саясатына
№ 1 қосымша

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ШЕКТЕУЛЕР

1. Мен _____,
(аты-жөні)

өз өкілеттіктерін жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануына әкеп соғуы мүмкін әрекеттерді жасауына жол бермеу мақсатында, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 13, 14 және 15-баптарында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, өзіме мыналар бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдаймын:

1) мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асыру;

2) жақын туыстарының, жұбайлары мен жекжаттарының бірге қызмет (жұмыс) істеуіне жол бермеу;

3) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында, ресми таратылуға жатпайтын Қоғамның (ЕҰ) құпия және өзге де ақпаратты пайдалану;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтік өкілеттіктерге байланысты сыйлықтарды қабылдау.

2. Заңның 13, 14 және 15 баптарында белгіленген талаптармен таныстым:

1) Лауазымды адам – егер олар аталған жолсыздық анықталған кезден бастап үш айдың ішінде оны өз еркімен жоймаса, мұндай бағыныстылықта болуына жол бермейтін қызметке ауыстырылуға тиіс, ал бұлайша ауыстыру мүмкін болмаған жағдайда бұл қызметшілердің біреуі қызметінен босатылуға немесе аталған міндеттерден өзгедей түрде босатылуға тиіс талапты бұзатын, тұрақты, уақытша немесе арнаулы уәкілеттік бойынша билік өкілінің функцияларын жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда,

АҚ	«Тау-кен Самұрық» ҰТК» АҚ-тағы және оның еншілес ұйымдарындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты	Бет 16
----	--	--------

квазімемлекеттік сектор субъектілерінде, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адам (бұдан әрі – тұлға/тұлғалар).

Жақын туыстар деп ата-аналар (ата-анасы), балалары, асырап алушылар, асырып алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-қарындас-сіңлілері, атасы, әжесі, немерелері, жекжаттар деп – жұбайының (зайыбының) аға-інілері, апа-қарындас-сіңлілері, ата-аналары мен балалары түсініледі.

2) Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдарға, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдарға, лауазымды адамдарға, егер мүдделер қақтығысы орын алған болса, лауазымдық міндеттерін жүзеге асыруға тыйым салынады.

3) Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар, лауазымды адамдар мүдделер қақтығысын болдырмау және шешу бойынша шаралар қабылдауы тиіс.

4) Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар, лауазымды адамдар тікелей басшысына не өздері жұмыс істейтін ұйымның басшылығына туындаған мүдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы, өздеріне бұл жөнінде мәлім болысымен жазбаша нысанда хабарлауға міндетті.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдамау оларды мемлекеттік қызметті немесе өзге тиісті қызметті тоқтатуы үшін негіз болып табылатын қылмыстық жазаланатын әрекеттің және әкімшілік құқық бұзушылықтың белгілері болмаған жағдайда сақтамау лауазымға қабылдаудан не лауазымнан босатудан (лауазымнан босату) бас тартуына әкеп соқтырады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулердің талаптарын орындауға міндеттенемін _____

АҚ	«Тау-кен Самұрық» ҰТК» АҚ-тағы және оның еншілес ұйымдарындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты	Бет 17
----	--	--------

(ҚОЛЫ)

(күні)